

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Локк және Монтескье:
либерал мемлекет. 2-бөлім

3-тарау. Жаңа дәуір философиясы.
Ағартушылық философиясы



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 14. Локк және Монтескье: либерал мемлекет. 2-бөлім

Шарль Луи Монтескье

Өмірі

Шарль Луи де Секонда, Барон де Монтескье 1689 жылы Бордоның оңтүстігінде Ла Бред қамалында дүниеге келді. Оның әкесі дворяндар тегінен шықты және кавалерия капитаны болды. Монтескьенің әкесінің інісі танымал заңгер еді. Монтескьенің өзі де оның жолын қууға тиіс болатын. Тынымсыз оқудан соң ол табысты заңгер болса керек еді, бірақ ондай өмір оны қызықтырмады.

Құқыққа байланысты қызметке Монтескье немқұрайды қарады. Оны эксперименталдық ізденістер саласы көбірек қызықтырды.

Бордо Академиясында ол анатомияны зерттеу бойынша сыйлық тағайындады және өзі де дауыс желбезегін, жаңғырықтың себептерін, массаның қасиеттерін және тағы басқаларды зерттеуге арналған бірқатар ғылыми еңбегін ұсынды.

Нағыз танымалдыққа ол өз заманындағы француз өмірін, абсолютизмді, монархияның тым орталықтандырылуын, қатаң цензураны сынаған «Парсы хаттары» деп аталған еңбегін 1721 жылы жасырын атпен жариялаған соң ие болды.

Бұл еңбек Францияға келген парсы қонақтарының хаттары іспетті баяндалды. Отанына жазған хаттарында шығарманың кейіпкерлері парсы оқырмандарына Франциядағы өмір туралы әңгімелейді. Мұнда Монтескье, әрине, көпшіліктің назарына француз мемлекетінің құрылымы мен француз қоғамының өмір салты туралы өзінің өткір, кейде тіпті, тым ащы пікірлерін ұсыну мүмкіндігін құр жіберген жоқ.

Монтескье құқықтың тарихы мен философиясы бойынша еңбектерін де жариялады. Бұл еңбектерде ол француз конституционализмінің теориялық принциптерін қарастыруға ерекше назар аударды. Осы туындыларда Ойшылдың Еуропада жалпыға бірдей монархия құру идеясына айқын қызығушылығы байқалады.

1728 жылы ол Француз академиясының мүшесі болып сайланды. Осы жылы Монтескье Еуропаға саяхатқа аттанып, Германияға, Австрияға, Венгрия мен Италияға, Голландияға барды.

Азаматтарының еркіндіктеріне кепілдік беретін Конституциясы өзін таңғалдырған Англияда да болды. Дегенмен Монтескье ағылшындардың парламенттік жүйесінің жемқорлығын айыптады.

Үйіне оралған соң Монтескье құқықтың табиғатын және мемлекеттік заңдардың біртұтас жүйе аясында бірге қызмет етуін зерттеуге арналған ірі еңбегін жазуға кірісті. Бұл үшін оған өте көп оқуға тура келді. Осы туындысына Монтескье өмірінің соңғы жиырма жылын арнады және парламент пен академиядағы қызметінен аулақтанып, сол кезде сәнге айналған қоғамдастықтардың әлеуметтік шеңберінен алыстады.

Монтескьенің «Заңдар рухы» еңбегі Женевада 1748 жылы жарық көрді, ол 31 том болды. Осы ғаламат туындыны жазуға Монтескье бар күш-қайратын жұмсап, әбден титықтады. Үнемі оқығандықтан оның көру қабілеті әжептеуір бұзылып, денсаулығы енді оңалмастай қатты нашарлады. Монтескье 1755 жылы Парижде дүниеден өтті.

Қуаңқы және күмәншіл Монтескье біртіндеп сабырлы, басқаларды түсінуге қабілетті және оптимист адамға айналды. Ол өзін қоршаған нәрселердің бәріне зор қызығушылық танытты. Жинаған білімдері мен мәліметтерін жалпылай қорыту едәуір қажыр-қайратты, тынымсыз да ауыр еңбекті талап етті. Оның идеялары тиянақты және айқын. Монтескьенің барлық шығармалары жоғары деңгейде дамыған құқықтық сананы, адамның ар-намысына деген қамқорлықты, сонымен қатар, осы ар-намысты кемсітуге жол бермеуді еске салады. Монтескье философиясы – Ағарту дәуірінің бастапқы кезеңіне тән ойлау салтының жарқын үлгісі.

Ойлары

Монтескье табиғи құқыққа негіз болған теориялық принциптерді жасады. Ол табиғи құқық заттардың табиғатының өзінен туындайтын қажетті қоғамдық қатынастарға сай келеді деп



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 14. Локк және Монтескье: либерал мемлекет. 2-бөлім

есептеді. Іс жүзінде ол табиғи құқық ұғымын қолдана қоймаған шығар, бірақ оның түсініктеріне сәйкес, табиғи құқық – бастапқыда әртүрлі жағдайлардағы бірқатар факторлардың әсерінен пайда болып, өз қызметін атқарады. Соның нәтижесінде әртүрлі халықтарда және әртүрлі географиялық аймақтарда мемлекеттік құрылымның әртүрлі типтері қалыптасты.

Монтескье қоғамдағы заңдарды екіге бөледі. Бірінші, «табиғи заңдар» – адамның биологиялық табиғатынан шығады. Екінші, әлеуметтік заңдар. Монтескье өз еңбегінде бұл ұғымдар жайлы анықтап түсіндіреді. Монтескьенің тұжырымдауынша: «Заң атаулының қай-қайсысынан да табиғат заңдары ілгері тұрады, оның осылайша аталуының өзі оның біздің тіршілігіміздің негізінен шыққандығынан. Олармен толық та жеткілікті танысу үшін қоғам құрылғанға дейінгі кездегі адамды қарастыруымыз керек. Сол кезде тіршілік иесі бағынған заңдар табиғат заңдары». Бұл тұста Монтескье сонымен бірге жаратушы Идеясы және соған сәйкес туындайтын заңдардың өзінің маңызы жағынан бірінші орында болғанымен, дүниеге келу уақыты бойынша алғандағы заңдардың орналасу ретінде бірінші тұрмағандығын көрсетті. Бұл жайтты ойшыл алғашқы адамның болмысымен байланыстырады. Ойшылдың пікірінше «табиғи ахуалдағы адамда танымның өзі емес, танымға қабілеттілік қана бар. Адамның алғашқы идеяларының таза пайымдық сипатта болмайтыны анық: өз болмысының бастауына ой жүгіртуден бұрын, оны қалай сақтап қалу туралы қам жейтіні айқын. Мұндай адам алғашында өз әлсіздігін ғана сезінеді; сондықтан ол өте үрейшіл, қорқақ келеді; егер айтқанымызды растауға дәлелдер керек болса, онда оларды жабайы адамдар қоныстанған ормандардан табасың: олар бәрінен қорқады, бәрінен қашып жүреді. Мұндай ахуал әркім өзін басқа адамдардан төмен сезінеді, сөйтіп, олармен теңдік сезіміне асқан қиындықпен қол жеткізеді. Мұндай адамдарға бір-біріне шабуыл жасауға талпынысы жат; демек, бейбіт ахуал адамдардың алғашқы табиғи заңы».

Ал Монтескьеге дейін «Левиафан» еңбегінде табиғи ахуалды «Адам – адамға қасқыр» формуласымен сипаттаған Томас Гоббстың анықтамасы жалпыға мәлім. Гоббс табиғи ахуалда адамдардың бәрі бір-біріне қарсы соғыс ашады. Бұл жағдайда «әр адамның барлық нәрсеге, тіпті кез келген өзге адамның өміріне де құқы бар...» деп сипаттайды. Монтескье болса Томас Гоббстың табиғи ахуал хақындағы тұжырымдамасымен мүлдем келіспейді. Кітаптың «Табиғат заңдары туралы» тарауында өз көзқарасын анықтап түсіндіріп те береді: «Гоббстың алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі адамдар бір-біріне билік құруға үйір дегені дұрыс емес. Билік пен үстемдік идеясы өте күрделі және де толып жатқан басқа идеяларға тәуелді болғандықтан, ол адамның уақыт бойынша бірінші идеясы бола алмайды. Егер соғыс адамдардың табиғи күйі болмаса, олар неліктен үнемі қаруланып жүреді және де өз тұрағын неге кілтпен жабады деп сұрайды Гоббс. Әйтсе де, қоғам құрылғанға дейінгі өмір сүрген алғашқы адамдарға қоғам құрылғаннан кейін ғана пайда болуы мүмкін ұмтылыстарды телуге болмайды; шабуылдау мен қорғануға сылтау қоғамның құрылуымен пайда болады». Осылайша Томас Гоббстың табиғи ахуал жайындағы тұжырымдамасының бір жақты көзқарасқа негізделгенін және қисынсыздығын сыни тұрғыдан байыптағандардың алғашқылардың бірі Монтескье болғандығын айтқанымыз жөн. Табиғи заңдардың негізгісі – өмір сүру, ол үшін азық табу керек. Егер Гоббс ол үшін адамдар тартысқа түсіп «бір-біріне қарсы соғысады» деген болса, Монтескье керісінше, жаңғыз адам әлсіз болғандықтан басқалардан көмек іздейді, басқалармен бейбіт өмір сүруге ұмтылады деген пікірге келеді. Сонымен, біз Монтескьенің адам алғашқы сатысынан бастап әлеуметтік жан болды деген ойда болғанын көреміз. Қоғам өміріндегі қайшылықтардың пайда болуының негізінде адамның басқалардың есебінен пайда табу ұмтылысы жатыр. Ал мұның өзі адамдардың қарым-қатынасын заңмен ретке келтіру керектігін туғызып, дүниеге мемлекет келеді.

Монтескьеден кейін Гоббстың тұжырымдамасын Жан Жак Руссо да қатаң сынға алды. Руссоның пікірінше, Гоббс дәйектеген адам атаулының бір-біріне қарсы соғысы – қоғамның бастапқы емес, аяқталатын ахуалы. Табиғи ахуал жөніндегі өзінің түсініктерін жиһанкездердің, әсіресе голландық саяхатшылардың бақылауларына негіздеген Руссо Монтескье идеяларының негізділігін одан әрі тереңдете түсті.

«Заңдардың рухына» келер болсақ, олардың әрбір елдердегі ерекшеліктері көп жағдайлармен байланысты. Олар – жердің құнарлығы, ауа райы, таулы жазықтығы, әдет-ғұрыптар, діни сезімдер, халықтың саны мен материалдық хал-ақуалы, заң берушілердің



мақсаты, саяси биліктің, елдегі жалпы тәртіптің көріністерімен байланысты, – деп қорытады ойшыл. Монтескье өз еңбегінде түрлі халықтардың мемлекеттік құрылымын зерттеу арқылы алынған орасан зор эмпирикалық тәжірибені жалпылап қорытты. Бұл еңбекте дәлсіздіктер, тіпті қандай да бір бұлдыр, фантастикалық нәрселер де жиі кездеседі. Мысалы, ыстық ауа райы адамдарды әлсіретіп енжар қылады, ал суық ауа райы ой мен дененің күшеюіне, олардың өмірге деген қажырлы еңбегін, ұлы істерді жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан ыстық ауа райында өмір сүретін халықтар құлдыққа келді де, суық жерде өмір сүретін халықтар өздерінің бостандығын сақтап қалды, – деп тұжырымдайды ойшыл. Әрине, бүгінгі таңдағы адамдар мұндай көзқарасқа күлкілі көзбен қарауы әбден мүмкін. Десек те Монтескье ілімінің негізгі мәні – әрқилы халықтардың мемлекеттік құрылымы мен құқығының олар өмір сүріп отырған жағдайларға тікелей тәуелді екенінде. Мұндай жағдайларға: әдет-ғұрыптар, нормалар, өмір сүру аумағы, климаттық факторлар, тіпті топырақ ерекшелігі жатады. Мұндай көзқарасты әдебиетте «географиялық детерминизм» деп айтады. Өйткені жоғарыда көрсетілген жағдайлардың ішіндегі негізгілері деп ол «жердің құнарлығын, ауа райын және таулы-жазықтығын» атайды. оның пікірінше, жоғарыдағы көрсетілген жағдайлармен қатар жер көлемі және оның таулы-жазықтығы да қоғамның саяси бітіміне өзінің зор әсерін тигізеді. Біріншіден, таулы елдер көлемі жағынан үлкен бола алмайды. Ал кіші елде азаматтар қоғамдық мәселелерді талдап шешім қабылдауға жиі қалыптасады. Ал орта көлемді елдерде, көбінесе, монархиялық басқару жүйесі орнайды. Жері жазық және өте көлемді елдерде деспотиялық басқару жүйесі қажет, өйткені тек күш жұмсау мен қорқыту арқылы ғана алыста жатқан елдерді орталық билікке көндіруге болады деп қорытады Монтескье.

Әрине, біз ұлы ойшылдың географиялық факторлардың қоғам өміріне деген рөлін асыра көрсеткенін байқаймыз. Бірақ бұл көзқарастар өз заманының мәселелерін жаңаша түсінуде, діни түсініктерге тойтарыс беруде кеңінен пайдаланды.

Ойшыл жасаған екінші қорытынды – абсолюттік монархияның Франция конституциясын өрескел бұзғаны соншалық, қоғамның қарапайым адамдарының еркіндігі тіпті, мүмкін болмай қалды.

Монтескье мемлекетті басқаруды үш негізгі типке жіктеді және олардың әрқайсысы белгілі бір принциптермен сипатталатынын атап көрсетті:

- республика өз азаматтарының азаматтық адамгершілігіне тәуелді;
- монархия өз әскерлерінің ар-ожданына тәуелді;
- деспотизм қол астындағылардың үрейі мен құлдығына тәуелді.

Ол республика – шағын, монархия – орташа, деспотизм – ірі мемлекет болуы тиіс деп есептеді. Неге бұлай болуы керек – оны ешкім білмейді.

Монтескье абсолюттік монархияны деспотизм формаларының бірі деп санайды. Ол өзі өмір сүрген дәуірдегі Францияны деспотизмі үшін айыптады. Француз деспотизмі король мен халық арасын байланыстырушы аралық билік құрылымдарын толығымен жойды. Осылайша құқықтың өзі жоғарғы биліктің еркіне теңбе-тең саналды. Ол Англияның құқық үстемдігіне, адамның жеке құқықтарын мойындауға және сақтауға негізделген сауатты монархия деңгейіне жеткеніне сенімді болды.

Монтескьенің негізгі мақсаты – қоғамдағы еркіндікті өзіне тәуелді еткен жағдайларды қарастыру және талдау еді. Ол осы еркіндікті Францияда қайта қалпына келтіргісі келді. Монтескье Англияда еркіндік «билік тармақтарын бөлуге» сүйенді деп есептеді: заң шығарушы билік, атқарушы билік және сот билігі әртүрлі адамдардың қолында болды; мемлекеттік биліктің осы үш тармағы арасындағы тепе-теңдік дәл осылай сақталды. Ол абсолюттік әділеттілік табиғаттың өзінен туындады және позитивті құқықтан бұрын болды деп болжады.

«Заңдар рухынан» ойшылдың әлеуметтік-саяси, философиялық көзқарастарын бағамдаймыз. Қоғамның өмір сүруі мен дамуын Монтескье заңдардың сапалығымен байланыстырады. Егер белгілі бір қоғамның ерекшелігін түсінгіңіз келсе, онда сол елдегі қабылданған заңдарды зерттеңіз. Қоғам жөніндегі мұндай түсінікті жүре келе ғалымдар «заңдық көзқарас» деп атап кетті.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 14. Локк және Монтескье: либерал мемлекет. 2-бөлім

Түйін

Монтескьенің заңдар мен институттарды эмпирикалық зерттеуі дәл емес. Ол дәлелденбеген мәліметтерді жиі қолданды.

Оның идеялары көбіне Рим республикасын идеалдандырудан туындады және өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі ұлттық мемлекеттермен ортақ тұстары аз болды.

Монтескьенің көзқарасы релятивизмге бейімдеу еді, себебі, оның пікірінше, құрылған және сақталып отырған кез келген мекеменің маңызды негіздері бар, сондықтан «рационалды». Мұндай көзқарасты тіпті, ойшылдың өзі жек көрген француз абсолюттік монархиясының деспотизмін ақтауда да қолдануға болады. Релятивизмнің осындай формалары Монтескье бар екенін мойындаған абсолюттік әділеттіліктен туындайтын кез келген моральдық нормалардың өзін-өзі ақтауы, мемлекеттік заңдардың өзгермеуі ұғымдарымен міндетті түрде соқтығысуы тиіс еді.

Монтескье адами заңдарды рационалды деп есептеді. Олай болса, «жаман құқық» бар ма? Сіз оны қалай түсіндіре аласыз? Адами құқық рационалды ма және рационалды болса, қандай дәрежеде? – деп сұрақ қояды сол тұста Джонстон.

Монтескьенің философиялық көзқарастарынан туындайтын маңызды идея: құқық – факторлардың тұтас кешенінің әсерінен пайда болып, дамиды. Құқық өзі соның аясында әрекет етіп отырған қоршаған ортаның жағдайларына тәуелді. Мұндай тұжырымдарға қатысты нені атап көрсетуге болады?

Монтескье, сонымен қатар, кез келген мемлекет жетілмеген, бірақ оған дейін мінсіз, ізгілікті мемлекет болды, ол қазіргі заманғы кез келген мемлекетті жетілдіруге шабыт береді деп санады.

Оның ойынша, құқықтық еркіндік – «заңмен рұқсат етілген нәрсенің бәрін жасау құқығын беретін еркіндік». Бұл егер де заң сізге бірдеңені жасауға мүмкіндік берсе, сіздің іс-әрекеттеріңізді ешкім тоқтата алмайды, сізді жүріс-тұрыстың алдын ала тағайындалған үлгісін ұстануға ешкім мәжбүрлей алмайды дегенді білдіреді. Себебі заң сізге іс-әрекеттер еркіндігін береді.

Монтескье Англияда оның жүзеге асқанын өз көзімен көрдім деп ойлаған «билік тармақтарын бөлу» идеясы ғылыми жолмен жасалған принциптерге негізделмеген. Ол – мемлекеттік тетіктің біртіндеп және ұзақ уақыт бойы эволюциялық дамуының нәтижесі. Монтескье мемлекеттік тетіктің «тепе-теңдігі» ұғымын жасап, теорияға өзіндік үлес қосты. Ақыр соңында АҚШ пен Францияда осы теориялық түсініктерге үлкен маңыз берілді. Тежеу және қарама-қарсылық ұғымы 1787 жылы қабылданған АҚШ конституциясы мен 1789 жылы жарияланған «Адам және азамат құқықтары» декларациясында көрініс тапқан.

Қорытынды

Локк пен Монтескьенің идеялары қазіргі заманғы либерал мемлекеттің пайда болуында маңызды рөл атқарды.

Олардың ойынша, мемлекет – идеялар жүйесін, мәселен, шіркеудің немесе харизматикалық көшбасшылардың құндылықтарын, кастаның немесе экономикалық таптың құндылықтарын күштеп таңу құралы емес. Мемлекет – еркін индивидуумдардың бірлестігі, жиынтығы. Локк пен Монтескье белгілі бір әлеуметтік ұйымдарсыз өмір сүру адам үшін қауіпті екенін мойындады. Осылайша адамдар баршаға ортақ келісімшарт жасап, қоғамнан тыс өмір сүрудің қауіпсіздіктерін жоюға қажетті бірқатар арнайы басқару ұйымдарын құрды деген қорытындыға келді. Олар мемлекет насихаттаған мемлекеттік минимализм идеясы – күш қолдану мен билікті сырттан күштеп таңудан азат болу арасындағы нәзік тепе-теңдік.